ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылдын 4 шілде Іс № 5501-24-00-2/1770 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде азаматтық істі қарап,

ТАЛАПКЕР:
«Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Тазагуль Сарсенбаева жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану;
2. Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы;

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Тараптардың қатысуынсыз

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

ҚР АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып сот,

ШЕШТІ:

«Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі Тазагуль Сарсенбаева жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

Тазагуль Сарсенбаева жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Мемлекет пайдасына Тазагуль Сарсенбаева жеке кәсіпкерден 1 377 (бір мың үш жүз жетпус жеті) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Тазагуль Сарсенбаева жеке кәсіпкерден мемлекеттің пайдасына 41 (қырық бір) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге түпкілікті формада шығарылған күнінен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмелерін жіберген күннен бастап бір ай ішінде Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Павлодар облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық наразылық білдіре алады.

Судья **Е. Магзумов**

Құжатқа қол қойылған: Магзумов Е. Т., 04.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.08.2024, судья Магзумов Е. Т., 19.08.2024

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство